

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылға арналған стипендиясын жоғары оқу орындары бойынша бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 4 мамырдағы № 276 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 9 маусымда № 11295 тіркелді

«Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы № 1134 қаулысының 4-тармағын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылға арналған стипендиясын жоғары оқу орындары бойынша бөлу бекітілсін.

2. Жоғары оқу орындарының ректорлары Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын студенттер мен магистранттарға жоғары оқу орындарының ғылыми кеңестерінің шешімдері негізінде тағайындасын.

3. Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім және халықаралық ынтымақтастық департаменті (Ж. Шаймарданов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Экономика және қаржы департаменті (Т. Нұрғожаева) көрсетілген стипендияны тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте қарастырылған қаражаттар шегінде 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап төлеуді жүзеге асырсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Т.О. Балықбаевқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр *А. Сәрінжіпов*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж ә н е ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 4 м а м ы р д а ғ ы
№ 276 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын 2015 жылға арналған стипендиясын жоғары оқу орындары бойынша бөлу

№	Жоғары оқу орнының атауы	Стипендия	
		студенттерге	магистранттарға
1	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	55	2
2	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	53	2
3	Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті	38	2
4	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті	21	1
5	Х.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	21	
6	Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті	31	
7	Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық университеті	5	
8	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	12	
9	Атырау мұнай және газ институты	8	
10	С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті	10	
11	Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті	12	
12	І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті	15	
13	М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті	16	
14	Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті	19	
15	Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті	23	
16	Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті	25	
17	Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті	11	
18	Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті	10	
19	Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	9	
20	А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті	14	
21	Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті	15	
22	Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты	11	

23	С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті	16	
24	Рудный индустриалдық институты	4	
25	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті	12	
26	Шәкәрім атындағы мемлекеттік университет	16	
27	Тараз мемлекеттік педагогикалық институты	15	
28	М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті	28	
29	М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті	50	
30	Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты	8	
31	М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы	11	
32	Халықаралық Білім беру корпорациясы	14	
33	Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті	19	
34	Қазақ спорт және туризм академиясы	7	
35	Алматы энергетика және байланыс университеті	16	
36	КИМЭП университеті	9	
37	Қазақ-Британ техникалық университеті	7	
38	Т. Рысқұлов атындағы Жаңа экономикалық университеті	17	
39	Алматы технологиялық университеті	23	
40	Қазақ гуманитарлық заң университеті	15	
41	Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті	8	
42	С. Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті	12	
43	Еуразия технологиялық университеті	9	
44	Алматы университеті	9	
45	Еуразия гуманитарлық институты	5	
46	Инновациялық Еуразия университеті	7	
47	Қазақ инновациялық университеті	8	
48	Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті	12	
49	Қазақ-орыс халықаралық университеті	6	
50	Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті	4	
51	Қазақстан-Америка еркін университеті	4	

52	Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті	8	
53	Каспий қоғамдық университеті	5	
54	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	8	
55	М. Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-педагогикалық университеті	7	
56	З. Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік техникалық университеті	8	
57	Алматы менеджмент университеті	10	
58	Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеті	8	
59	Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті	9	
60	«Қайнар» университеті	3	
61	«Сырдария» университеті	8	
62	«Тұран» университеті	10	
63	Халықаралық бизнес университеті	5	
64	Орталық-Қазақстан академиясы	4	
65	Шымкент университеті	8	
66	М. Сапарбаев атындағы Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық институты	7	
Барлығы		914	7